

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі № 775 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4

-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 22-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1 0 3 2 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Тауар белгісін заңсыз пайдаланушы тұлға:

1) құқық иеленушілердің өздері салған тауар белгісі бар түпнұсқалы тауарларды қоспағанда, заңсыз пайдаланылатын тауар белгісі, тауар шығарылған жердің атауы немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме орналасқан тауарды, тауар қорабын жоюға міндетті. Осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болған жағдайларда – тауардағы және оның қорабындағы заңсыз пайдаланылатын тауар белгісінің бейнесін, тауар шығарылған жердің атауын немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені жоюға;

2) жұмыстар орындауды немесе қызметтер көрсетуді сүйемелдейтін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазудан тауар белгісін немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға м і н д е т т і . » ;

ү ш і н ш і б ө л і к а л ы п т а с т а л с ы н .

2. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар ; 2015 ж., № 1, 2-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; 2015 жылғы 5 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы) :

158-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«158-бап. Бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану

Бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған, олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелерді заңсыз пайдалану, сондай-ақ бөтен фирмалық атауды заңсыз пайдалану, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын іс-әрекет белгілері болмаса –

тауар белгісінің, қызмет көрсету белгісінің, тауар шығарылған жер атауының немесе біртектес тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге арналған, олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемелердің заңсыз бейнесін қамтитын тауарлар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т п е .

Осы бапқа сәйкес тәркіленген тауарлар, құқық иеленушінің өзі салған тауар белгісі бар түпнұсқалы тауарларды немесе қоғамдық мүдделер үшін оларды айналымға енгізу қажет болатын жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 795-бабында көзделген тәртіппен жойылуда жатады. » .

3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат, № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84; 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 33-құжат; № 10, 50-құжат):

71-бап мынадай мазмұндағы 19, 20 және 21-тармақтармен толықтырылсын:

«19. Мемлекеттік сараптамалық ұйымның және уәкілетті органның дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу үшін берілген, мемлекеттік тіркеу, сараптама жасау туралы өтініште, сондай-ақ құрамында жаңа химиялық заттар бар дәрілік заттың тіркеу дерекнамасында қамтылған құпия ақпаратты дәрілік зат мемлекеттік тіркелген күннен бастап алты жыл ішінде оған өтініш берушінің келісімінсіз коммерциялық мақсатта жария етуіне және пайдалануына жол берілмейді.

20. Осы баптың 19-тармағында көзделген, құпия ақпаратты коммерциялық мақсаттарда жария етуге және пайдалануға жол бермейтін ережелер:

1) Қазақстан Республикасының Патент заңына сәйкес дәрілік затты пайдалануға мәжбүрлі лицензия берілген жеке немесе заңды тұлғаларға;

2) дәрілік затты коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға, өндіруге, импорттауға, экспорттауға немесе таратуға қолданылмайды.

21. Осы баптың 19-тармағында көзделген ережелер:

1) егер дәрілік затты жеткізіп беру Қазақстан Республикасында тіркелген күнінен бастап он екі ай ішінде халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткіліксіз

б о л с а ;

2) төтенше жағдайлар кезінде не ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында халық денсаулығын қорғау қажет болғанда;

3) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын бұзу әрекеттері анықталған жағдайда сот тәртібімен қолданылады.».

4. «Қазақстан Республикасының Патент Заңы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат):

1) 11-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Патент иеленуші сұрау салған күннен бастап тоқсан күн ішінде өнеркәсіптік меншік объектісін пайдаланбаған және тиімді коммерциялық жағдайларда ол лицензиялық шарт жасасудан бас тартқан кезде, егер өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжатын беру туралы мәліметтер алғашқы жарияланғаннан кейін өнеркәсіптік меншік объектісі осындай өтініш берілген күннің алдындағы кез келген төрт жыл ішінде үздіксіз пайдаланылмаған болса, кез келген адам өзіне мәжбүрлі ерекше емес лицензияны алып беру туралы сотқа жүгінуге құқылы. Егер патент иеленуші пайдаланбауының құқыққа сыйымды себептерге байланысты екенін дәлелдемесе, сот көрсетілетін лицензияны пайдалану шегін, мерзімін, төлем мөлшері мен тәртібін айқындай отырып ұсынады. Төлем мөлшері лицензияның қалыптасқан практикаға сәйкес айқындалған нарықтық бағасынан төмен болмауға тиіс.

Мәжбүрлі ерекше емес лицензия:

1) ұлттық қауіпсіздікті немесе денсаулық сақтаудың дамуын қамтамасыз ету қажет болғанда;

2) патент иеленуші өзінің айырқша құқықтарын асыра пайдаланған, басқа тұлға оның келісімімен осындай айырқша құқықтарды асыра пайдалануға жәрдемдескен немесе кедергі жасамаған жағдайларда да беріледі.

Осы тармақтың ережелеріне сәйкес жартылай өткізгіштер технологиясына жатқызылатын өнертабысты пайдалануға арналған мәжбүрлі ерекше емес лицензияны беруге оны мемлекеттік және қоғамдық мүдделерде коммерциялық емес пайдалану үшін немесе сот тәртібімен Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын бұзады деп танылған ережелерді өзгерту үшін ғана жол беріледі.

Мәжбүрлі ерекше емес лицензия патенттелген дәрілік затты немесе патенттелген процесс арқылы алынған дәрілік затты Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес өндірістік құралдар болмаған немесе жеткіліксіз болып табылатын аумаққа экспорттау мақсаты үшін дәрілік затқа немесе дәрілік затты дайындау процесіне сұратылатын жағдайларды қоспағанда, осындай кез келген лицензия бірінші кезекте Қазақстан Республикасы ішкі нарығының қажеттіліктерін

қамтамасыз ету үшін берілуге тиіс.

Мәжбүрлі лицензия берілген адам көрсетілген өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын басқа адамға тек қана осы объект пайдаланылатын тиісті өндіріспен бірге бере алады.

Мәжбүрлі ерекше емес лицензияның күші оны беруге себеп болған мән-жайлардың әрекет етуі тоқтатылған жағдайда соттың жоюына жатады.»;

2) 12-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) егер қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін қамтитын құралға ғылыми зерттеудің немесе эксперименттің мақсаты табыс алу болып табылмаса, осындай ғылыми зерттеу немесе эксперимент жүргізу;».

5. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 14, 95-құжат; № 7, 34-құжат):

4 4 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) құқық иеленушінің өзі салған тауар белгісі бар түпнұсқалы тауарларды қоспағанда, заңсыз пайдаланылатын тауар белгісі, тауар шығарылған жердің атауы немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілеме орналасқан тауарды, тауар қорабын жоюға міндетті. Осындай тауарларды айналымға енгізу қоғамдық мүдделер үшін қажет болған жағдайларда – тауарлардағы және оның қорабындағы заңсыз пайдаланылатын тауар белгісінің бейнесін, тауар шығарылған жердің атауын немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені жоюға;»;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) жұмыстар орындауды немесе қызметтер көрсетуді сүйемелдейтін материалдардан, оның ішінде құжаттамадан, жарнамадан, маңдайша жазудан тауар белгісін немесе олармен айырғысыз дәрежеге дейін ұқсас белгілемені алып тастауға м і н д е т т і . » .

6. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-

құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

«24-1) корпоративішілік ауыстыру – Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде орналасқан, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше мемлекеттің аумағында құрылған және сонда әрекет ететін заңды тұлғада басшы, менеджер немесе маман лауазымында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды осы заңды

т ұ л ғ а н ы ң

Қазақстан Республикасы аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған филиалдарына, еншілес ұйымдарына, өкілдіктеріне еңбек шартында белгіленген, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, бір жылға ұзарту құқығымен

у а қ ы т ш а

а у ы с т ы р у ; » ;

2) 7-баптың 5-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін орталық атқарушы орган бөлген квота шегінде не квотадан тыс корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар беру, сондай-ақ аталған рұқсаттарды тоқтата тұру және кері қайтарып алу;»;

3) 1 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы Заңның шетелдік жұмыс күшін жыл сайын квоталау туралы нормалары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын экономика секторларында Қазақстан Республикасының аумағында корпоративішілік ауыстыру шеңберінде қызмет істейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жұмыс берушілерге корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

мынадай мазмұндағы 6, 7, 8, 9-тармақтармен толықтырылсын:

«6. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды жұмысқа тартатын жұмыс берушілер, олар Қазақстан Республикасының аумағына келгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде жергілікті атқарушы органға жазбаша түрде:

1) олар ауыстырылатын елдің және ұйымның атауын, санын;

2) тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) әрқайсысының білім деңгейін, біліктілігін, кәсібі мен жұмыс тәжірибесін;

4) еңбек қызметін жүзеге асыру мерзімін қамтитын ақпарат жібереді.

7. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылған шетелдік қызметкерлер, азаматтығы жоқ адамдар онда болу мақсаттарына сәйкес уақытша еңбек қызметін жүзеге асырады және еңбек шартында көрсетілген бір жылға ұзартылуы мүмкін үш

жылдан аспайтын мерзім өткен соң елден кетуге міндетті.

8. Менеджерлер мен мамандарды корпоративішілік ауыстыру орталық атқарушы орган айқындайтын қазақстандық кадрлар санына шетелдік қызметкерлер санының пайыздық қатынасы сақтала отырып жүзеге асырылады.

9. Жергілікті атқарушы органдар:

1) корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін шетелдік қызметкерлердің, азаматтығы жоқ адамдардың есебін жүргізеді;

2) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың оны күніне дейін еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті атқарушы органдарды корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін шетелдік қызметкерлер, азаматтығы жоқ адамдар туралы хабардар

е т е д і . » .

7. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 24-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 63-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42, 45-құжаттар):

3 4 - 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«34-1-бап. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу ерекшеліктері»;

2 - тармақ алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалар отандық өнеркәсіптің дамуын мониторингілеу мақсатында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға ол белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту бойынша ақпарат береді.».

8. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7,

37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат, № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 11, 57-құжат):

1) 1 - б а п т а :

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«34) жұмыстағы (көрсетілетін қызметтегі) жергілікті қамту – қазақстандық өндірушілер болып табылмайтын ұйымдарға жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаны үшін кез-келген деңгейде қосалқы мердігерлік шарт негізінде төленген кез келген сома шегеріле отырып, жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) қазақстандық өндірушілерге жұмысты орындағаны үшін сатып алудың барлық шарттары бойынша төленген төлемдердің жалпы жылдық сомасының үлесі.»;

3 6) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

2) 47-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамтудың елу пайыздан асырылмайтын ең төменгі мөлшері;»;

3) 47-1-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамтудың елу пайыздан асырылмайтын мөлшері;»;

4) 50-баптың 3-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажет жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту бойынша міндеттемелер;»;

5) 58-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) кадрлардағы, сатып алынатын жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамтудың мөлшері;»;

6) 60-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) және кадрлардағы жергілікті қамтудың мөлшері;»;

7) 6 1 - б а п т а :

2-тармақтың үшінші, төртінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын :

«Келісімшарт: қол қойылатын бонусты төлеудің мөлшері мен шарттары жөніндегі; өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстардың мөлшері мен шарттары жөніндегі; кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі; Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, келісімшартты орындау кезінде тартылған жұмыскерлерді оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға және (немесе) Қазақстан Республикасының азаматтарын құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша оқытуға жіберілетін шығыстардың мөлшері жөніндегі; жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамту жөніндегі; мердігерлік жұмыстармен айналысатын персоналды қоса алғанда, жұмысқа тартылған шетелдік персоналға

қатысты алғанда қазақстандық персонал үшін еңбекке ақы төлеудің тең жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі; тарату қоры жөніндегі; Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға осы Заңда белгіленген шығыстардың мөлшері жөніндегі міндеттемелерге қатысты ерекше шарттарды да қамтуға тиіс.

Қазақстандық кадрларды тарту жөніндегі міндеттемелер, мердігерлік жұмыстармен айналысатын персоналды қоса алғанда, жұмысқа тартылатын кадрлардың жалпы санынан пайыздық қатынасты, оның ішінде жылдар бойынша пайыздық қатынасты қамтуға тиіс. Тауарлардағы, жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) жергілікті қамтудың мөлшері жөніндегі міндеттемелер сатып алынатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) жалпы санынан пайыздық қатынасты қамтуға тиіс.».

«Келісімшарт талаптары жер қойнауын пайдаланушының өзі қабылдаған, оның ішінде жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі, келісімшартта көзделген салықтық емес сипаттағы төлемдер жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) мөлшерін қамтуға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшартта да тауардағы жергілікті қамтуға қатысты ерекше шарттар, сондай-ақ жер қойнауын игерушінің тауардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді олардың орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) мөлшері қамтылуы мүмкін .

Осы тармақтың ережелері осы Заңның 69-бабының 3-1-тармағының ережелері ескеріле отырып, аталған келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай қолданылады . » ;

8) 69-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісімшарттың мерзімін өзгерткен кезде , оған жер қойнауын пайдаланушының тауардағы жергілікті қамту бойынша міндеттерін алып тастауды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.»;

9) 76-баптың 1-тармағында :

9) тармақша мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын;

«Осы тармақтың ережелері 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушыларға ғана осы Заңның 69-бабының 3-1-тармағының ережелері ескеріле отырып, келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай қолданылады . » ;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және көші-қон туралы

заңнамасына сәйкес оларды тарту Қазақстан Республикасы азаматтарының саны әрбір санат бойынша қызметкерлер санының кемінде елу пайызын құруға тиіс менеджерлер мен мамандарды тартуды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу кезінде қазақстандық кадрларға артықшылық беруге;»;

12) 78-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«78-бап. Қазақстандық өндірушілерді қолдауды қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын менеджерлер мен мамандар санын есепке алмағанда, жалпы қызметкерлер санының Қазақстан Республикасы азаматтарының кемінде тоқсан бес пайызын тартатын дара кәсіпкерлер (немесе) заңды тұлғалар жұмыстар мен тауарларды қазақстандық өндірушілер деп танылады.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек ететін менеджерлер мен мамандардың саны Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес әрбір тиісті санат бойынша менеджерлер мен мамандардың жалпы санының жетпіс бес пайызынан, ал 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жетпіс пайызынан кем болмауға тиіс.

2. Жер қойнауын пайдаланушы мен оның мердігерлерінің осы Заңның талаптарына сәйкес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, олар Қазақстан Республикасының жобалау құжатының және техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес болған жағдайда, қазақстандық өндірушілерден сатып алуы жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылады.

3. Құзыретті органмен 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жер қойнауын пайдалануға келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушы, сондай-ақ оның мердігерлері Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу кезінде қазақстандық тауар өндірушілердің тауарлары жобалық құжаттың және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда, оларды осы Заңның талаптарына сәйкес сатып алуға міндетті.

4. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурсты ұйымдастырушы конкурс жеңімпазын анықтау кезінде конкурсқа қатысушы қазақстандық өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады.

5. Жер қойнауын пайдалануға 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған шарттар шеңберінде тауарларды сатып алу кезінде конкурсты ұйымдастырушы конкурс жеңімпазын анықтауда конкурсқа қатысушы қазақстандық өндірушілердің конкурстық өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады.

6. Жергілікті қамту бөлігіндегі келісімшарт міндеттемелерін орындауға қатысты, жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және жүргізуі, сондай-ақ қазақстандық мамандарды оқытуға арналған шығындар және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту және оның инфрақұрылымын дамытуға арналған шығыстар туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

7. Осы баптың 3 және 5-тармақтарының ережелері осы Заңның 69-бабы 3-1-тармағының ережелері ескеріле отырып, аталған келісімшарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін, оқиғаның қайсысы бұрын басталатынына қарай қолданылады.».

9. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 16, 127-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 21-22, 114-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

«23-1) корпоративішілік ауыстыру – Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде орналасқан, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше мемлекеттің аумағында құрылған және сонда әрекет ететін заңды тұлғада басшы, менеджер немесе маман лауазымында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдарды осы заңды тұлғаның Қазақстан Республикасы аумағында Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес құрылған филиалдарына, еншілес ұйымдарына, өкілдіктеріне еңбек шартымен белгіленген мерзімге, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, бір жылға ұзарту құқығымен уақытша ауыстыру;»;

2) 15-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі орталық атқарушы орган бөлген квота шегінде, сондай-ақ квотадан тыс корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар береді, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұрады және қайтарып алады;»;

3) 34-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) шетелдік қызметкерлер – Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келген немесе жұмыс берушілер тартатын көшіп келушілер;»;

4) 35-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Өз бетінше жұмысқа орналасу үшін келетін немесе жұмыс берушілер, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартатын шетелдік қызметкерлер;»;

5) 36-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетелдік қызметкерлерге келуге визаны шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға немесе жұмыс берушіге, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде, шетелдік жұмыс күшін тартуға берілген рұқсаттың негізінде және қолданылу мерзіміне Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері береді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Шетелдік қызметкерлерге келуге визаны және уақытша тұруға арналған рұқсатты, шетелдік қызметкердің жұмысқа орналасуға немесе жұмыс берушінің, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде, алдағы жылға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаты болған жағдайда, ішкі істер органдары бір жылға ұзартады.»;

6) 3 7 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шетелдік жұмыс күшін тарту кәсіптік және біліктілік санаттары бойынша, корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын шетелдік қызметкерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін квота негізінде жүзеге асырылады;»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар квотадан тыс беріледі және ұзартылады.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жұмыс берушілерге корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берудің шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

мынадай мазмұндағы 5-1 тармақпен толықтырылсын;

«5-1. Осы Заңның шетелдік жұмыс күшін жыл сайын квоталау туралы нормалары Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын экономика секторларында Қазақстан Республикасының аумағында ішкі корпоративішілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.»

10. «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 10-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 11, 63-құжат; № 19-II, 96-құжат) :

1) 5-баптың 16) және 17) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«16) отандық өңделген тауарларды жылжыту бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) оларды жылжыту бойынша шығындары ішінара өтелетін отандық өңделген

тауарлардың тізбесін әзірлейді және бекітеді.»;

2) 10-баптың 6-тармағының 5), 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

«5) отандық өңделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын жылжыту мәселелері бойынша отандық, шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады ;

б) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды жылжыту бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу жөнінде қызметтер көрсетеді ;

7) отандық өңделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын жылжыту мақсатында шетелдік өкілдіктер құрады.»;

3) 26-баптың 2-тармағының 2) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

«2) сауда миссияларын ұйымдастыру және өткізу, көрме-жәрмеңке қызметін жүзеге асыру, отандық өндірушілердің тауар белгілерін шетелде жылжыту және шетелде қазақстандық өндірушілердің ұлттық стендтерін ұйымдастыру;

4) отандық өңделген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту және жылжыту мәселелері бойынша ақпараттық және талдамалық қолдау көрсету;».

11. «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 4, 29-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат):
19-баптың 5-тармағы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті